

Х. Ерғалиев ауылының Завод көшесіне соғыс және еңбек ардагері Иманғали Жұбановтың есімін беру туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай ауданы Қамысқала селолық округі әкімінің 2008 жылғы 20 қарашадағы N 82 шешімі. Атырау облысының Әділет департаменті Исатай ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 10 желтоқсанда N 4-4-113 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Қамысқала селолық округі әкімінің 2010 жылғы 27 қазандағы № 31 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Қамысқала селолық округі әкімінің 27.10.2010 № 31 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4-тармағына және Исатай аудандық ономастикалық комиссиясының 2007 жылғы 26 қаңтардағы шешімін басшылыққа ала отырып **ШЕШЕМІН:**

1. Х. Ерғалиев ауылының Завод көшесіне соғыс және еңбек ардагері ауданның ауыл шаруашылығын өркендетуге қажырлы еңбегімен үлес қосқан Жұбанов Иманғалидың есімін есте қалдыру мақсатында "Иманғали Жұбанов" а т а у ы б е р і л с і н .

2. И. Жұбанов көшесіне үй нөмірлерін қағуды және шаруашылық кітапқа өзгеріс енгізуді Қамысқала селолық округі әкімі аппаратының бас маманы С. О м а ш е в қ а т а п с ы р а м ы н .

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күннен соң қолданысқа енгізілсін.

Қамысқала селолық округінің әкімі *Б. Мусин*